КОПИЯ

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы»
Ипотекалық ұйымы» АҚ
Акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының шешімімен бекітілген
(06.05.2011ж. №1 хаттамасы)

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ
Жарғысына өзгертулер мен қосымшалар

Алматы қ., 2011 жыл

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының Жарғысына (әрі қарай – Жарғы) мынадай өзгертулер мен қосымшалар енгізілсін:

1. Жарғының 3.3. тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олармен аффилиирленген тұлғаларының қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну».

2. Жарғының 3.4. және 3.5. тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3.4. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде қоғам немесе қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды адамға оның қоғамға келтірген зиянды не залалдарды қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде қоғам немесе қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан, қоғамның лауазымды адамына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде қоғамның осы лауазымды адамы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, қоғамның осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және қоғамның лауазымды адамы қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) сот органдарына өтініш жасағанға дейін қоғамның лауазымды адамдарының келтірген залалдарды қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы мәселені директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініштің келіп түскен күнінен бастап он күнтізбелік күннен

кешіктірілмейтін мерзімде директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан аталған мәселе бойынша директорлар кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде қоғам мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

3.5. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, қоғамның лауазымды адамдары, егер қоғамның органымен қабылданған, қоғамға не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның қоғамның лауазымды адамдары қызметінің осы Заңда белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.»

3. Жарғы мынадай мазмұндағы 4.5. тармағымен толықтырылсын:

«4.5. Қоғам қызметтің басқа түрлерін іске асыруға және Қазақстан Республикасы заңнамаларымен тыйым салынбаған мәмілелердің басқа түрлерін жасауға құқы бар.».

4. Жарғының 7.1. тармағының 7) тармақшасындағы «отыз» сөзінен кейін «күнтізбелік» сөзімен толықтырылсын.

5. Жарғының 7.1. тармағы мынадай мазмұндағы 11) тармақшасымен толықтырылсын:

«11) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, осы Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге.».

6. Жарғы мынадай мазмұндағы 8.2. тармағымен толықтырылсын:

«8.2. Қоғам қызметін қамтамасыз ету және операцияларды іске асыру кезінде тәуекелдікті төмендету мақсатында Қоғамда басқа тұрақты және (немесе) уақытша әрекет ететін органдары құрылуы мүмкін: несие комитеттері, проблемалық борыштар жөніндегі комитет, тәуекелдікті басқару жөніндегі комитет және т.б. Мұндай органдардың жұмыс жасау тәртібі мен құзыры, олардың мүшелерінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасы заңдарына, олар туралы ережелерге және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.».

7. Жарғының 2) тармағындағы және 10.6. тармағының бесінші абзацындағы «мүдделердің» сөзі алынып тасталсын.

8. Жарғының 10.16. тармағындағы «он» сөзі «күнтізбелік» сөзімен толықтырылсын.

9. Жарғының 10.22. тармағындағы 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) дауысқа қойылған мәселелер және директорлар кеңесінің әр мүшесінің директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;».

10. Жарғының 11.10. тармағындағы 12) тармақшасы алынып тасталсын.

11. Жарғының 13.1. тармағының 5) тармақшасындағы «сақтау» сөзі «сақтауға міндетті» сөздерімен ауыстырылсын.

12. Жарғының 15.5. тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«3-1) осы қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;».

13. Жарғының 15.5. тармағындағы 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) қоғамның жарғысына, сондай-ақ қоғамның акцияларды шығару проспектісіне сәйкес оның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.».

**Акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен уәкілеттелген тұлға:**
**«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» АҚ Басқарма Төрағасы**
**Ибадуллаев Азамат Амалұлы**

Ибадуллаев Азамат Амалұлы

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ

**УТВЕРЖДЕНЫ**
**Решением годового общего собрания акционеров АО «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания» (Протокол №1 от 06.05.2011г.)**

# Изменения и дополнения
# в Устав акционерного общества «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания»

г. Алматы, 2011 год

Внести в Устав акционерного общества «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания» (далее – Устав) следующие изменения и дополнения:

1. Пункт 3.3. Устава дополнить подпунктом 3) следующего содержания:

«3) предложения к заключению и (или) принятия решений о заключении крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность, повлекших возникновение убытков Общества в результате их недобросовестных действий и (или) бездействия, в том числе с целью получения ими либо их аффилиированными лицами прибыли (дохода) в результате заключения таких сделок с Обществом.».

2. Пункты 3.4. и 3.5. Устава изложить в следующей редакции:

«3.4. Общество на основании решения Общего собрания акционеров или акционер (акционеры), владеющий (владеющие в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Общества, от своего имени вправе обратиться в суд с иском к должностному лицу о возмещении Обществу вреда либо убытков, причиненных им Обществу, а также о возврате Обществу должностным лицом и (или) его аффилиированными лицами прибыли (дохода), полученной в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность, повлекших возникновение убытков Общества, в случае если должностное лицо действовало недобросовестно и (или) бездействовало.

Общество на основании решения Общего собрания акционеров или акционер (акционеры), владеющий (владеющие в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Общества, от своего имени вправе обратиться в суд с иском к должностному лицу Общества и (или) третьему лицу о возмещении Обществу убытков, причиненных Обществу в результате заключенной сделки Общества с этим третьим лицом, если при заключении и (или) осуществлении такой сделки данное должностное лицо Общества на основе соглашения с таким третьим лицом действовало с нарушением требований законодательства Республики Казахстан, Устава и внутренних документов Общества или его трудового договора. В этом случае указанные третье лицо и должностное лицо Общества выступают в качестве солидарных должников Общества при возмещении Обществу таких убытков.

До обращения в судебные органы акционер (акционеры), владеющий (владеющие в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Общества, должен обратиться к председателю Совета директоров Общества с требованием о вынесении вопроса о возмещении Обществу убытков, причиненных должностными лицами Общества, и возврате Обществу должностными лицами Общества и (или) их аффилиированными лицами полученной ими прибыли (дохода) в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность, на заседание Совета директоров.

Председатель Совета директоров обязан созвать очное заседание Совета директоров в срок не позднее десяти календарных дней со дня поступления обращения, указанного в части третьей настоящего пункта.

Решение Совета директоров по обращению акционера (акционеров), владеющего (владеющих в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Общества, доводится до его (их) сведения в течение трех календарных дней с даты проведения заседания. После получения указанного решения Совета директоров либо его неполучения в сроки, установленные настоящим пунктом, акционер (акционеры), владеющий (владеющие в совокупности) пятью и более процентами голосующих акций Общества, вправе от своего имени обратиться с иском в суд в защиту интересов Общества при наличии документов, подтверждающих обращение акционера к председателю Совета директоров Общества по указанному вопросу.

3.5. Должностные лица общества, за исключением должностного лица, заинтересованного в совершении сделки и предложившего к заключению сделку, в результате исполнения которой Обществу причинены убытки, освобождаются от ответственности в случае, если голосовали против решения, принятого органом Общества, повлекшего убытки Общества либо акционера, или не принимали участия в голосовании по уважительным причинам.

Должностное лицо освобождается от возмещения убытков, возникших в результате коммерческого (предпринимательского) решения, в случае если будет доказано, что оно действовало надлежащим образом с соблюдением установленных Законом принципов деятельности должностных лиц Общества, на основе актуальной (надлежащей) информации на момент принятия решения и обоснованно считало, что такое решение служит интересам Общества.».

3. Дополнить Устав пунктом 4.5. следующего содержания:

«4.5. Общество вправе осуществлять иные виды деятельности и совершать иные виды сделок, не запрещенные законодательством Республики Казахстан.».

4. В подпункте 7) пункта 7.1. Устава после слова «тридцати» дополнить словом «календарных».

5. Пункт 7.1. Устава дополнить подпунктом 11) следующего содержания:

«11) при владении самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества обращаться в судебные органы от своего имени в случаях, предусмотренных статьями 63 и 74 Закона, с требованием о возмещении Обществу должностными лицами Общества убытков, причиненных Обществу, и возврате Обществу должностными лицами Общества и (или) их аффилиированными лицами прибыли (дохода), полученной ими в результате принятия решений о заключении (предложения к заключению) крупных сделок и (или) сделок, в совершении которых имеется заинтересованность.».

6. Дополнить Устав пунктом 8.2. следующего содержания:

«8.2. В целях обеспечения деятельности Общества и снижения рисков при осуществлении операций в Обществе могут создаваться иные постоянно и(или) временно действующие органы: кредитные комитеты, комитет по проблемным долгам, комитет по управлению рисками и т.д. Порядок создания и работы, компетенция таких органов, полномочия их членов определяются в соответствии с законодательством Республики Казахстан, положениями о них и(или) внутренними документами Общества.».

7. В подпункте 2) и пятом абзаце пункта 10.6. Устава слова «интересов» исключить.

8. В пункте 10.16. Устава после слова «десяти» дополнить словом «календарных».

9. Подпункт 5) пункта 10.22. Устава изложить в следующей редакции:

«5) вопросы, поставленные на голосование, и итоги голосования по ним с отражением результата голосования каждого члена Совета директоров по каждому вопросу повестки дня заседания Совета директоров;».

10. Подпункт 12) пункта 11.10. Устава исключить.

11. В подпункте 5) пункта 13.1. Устава слово «соблюдать» заменить словами «обязаны соблюдать».

12. Пункт 15.5. Устава дополнить подпунктом 3-1) следующего содержания:

«3-1) передача в залог (перезалог) имущества Общества на сумму, составляющую пять и более процентов от активов Общества;».

13. Подпункт 13) пункта 15.5. Устава изложить в следующей редакции:

«13) иная информация, затрагивающая интересы его акционеров, в соответствии с Уставом Общества, а также проспектом выпуска акций Общества.».

**Лицо, уполномоченное годовым общим собранием акционеров:**
**Председатель Правления АО «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания»**
**Ибадуллаев Азамат Амалулы**

Ибадуллаев Азамат Амалулы

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

16 МАЙ 2011 ______ 200_ г., Я, Габдулина Ю.Р.
нотариус города Алматы, действующий на основании гос. лицензии № 0001750 от 09.01.2004 г., выданной МЮ РК,
свидетельствую подлинность подписи гр. Абдуллаева Азамата Алиевича. Его полномочия и правоспособность ТОО – Ипотечная организация – Казахстанская Ипотечная Компания – проверены.
которая сделана в моем присутствии. Личность, подписавшего документ установлена, дееспособность проверена.
Зарегистрировано в реестре за № 1-3917
Сумма оплаченная нотариусу 4687 тенге

ГАБДУЛИНА ЮЛИЯ РАФАИЛОВНА * НОТАРИУС * ЛИЦЕНЗИЯ № 0001750

23 МАЙ 2011 ______ 200_ г., Я, Габдулина Ю.Р.
нотариус города Алматы, действующий на основании гос. лицензии № 0001750 от 09.01.2004 г., выданной МЮ РК, свидетельствую верность этой копии с подлинником документа. В последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких либо особенностей не оказалось.
Зарегистрировано в реестре за № 1-4089
Сумма оплаченная нотариусу 1353 тенге
Нотариус

ГАБДУЛИНА ЮЛИЯ РАФАИЛОВНА * НОТАРИУС * ЛИЦЕНЗИЯ № 0001750

Пронумеровано и прошнуровано

ГАБДУЛИНА ЮЛИЯ РАФАИЛОВНА * НОТАРИУС *